

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 мамырдағы N 460 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 8 мамырдағы N 370 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 маусымдағы № 645 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.06.08 № 645 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының»" Ғылым туралы " 2001 жылғы 9 шілдедегі және »" Денсаулық сақтау жүйесі туралы " 2003 жылғы 4 маусымдағы заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. » "Ғылыми ұйымдарды аттестаттау туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 мамырдағы N 460 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., N 20, 206-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ғылыми ұйымдарды аттестаттау туралы е р е ж е д е :

6, 7, 9, 11-тармақтардағы»"ғылыми ұйымдарды",»"Ғылыми ұйымдарды",»" ғылыми ұйымдар" деген сөздерден кейін»"(денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдарды қоспағанда)" деген сөздермен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдарды аттестаттауды денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның құзыреті шегінде атқарушы, бақылаушы және қадағалаушы функцияларды, сондай-ақ медициналық қызметтердің сапасы бойынша басшылықты жүзеге асыратын медициналық қызмет көрсету саласындағы бақылау жөніндегі мемлекеттік орган ұйымдастырады және өткізеді.";

7 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы»"(бұдан әрі - Комиссиялар)" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

е к і н ш і а б з а ц т а :

"Уәкілетті" деген сөз»"тиісті" деген сөзбен ауыстырылсын;
"Комиссиялардың" деген сөз»"Аттестаттау комиссияларының" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Денсаулық саласындағы ғылыми ұйымдарды аттестаттауды өткізу үшін медициналық қызмет көрсету саласындағы бақылау жөніндегі мемлекеттік орган аттестаттау комиссияларын құрады.";

8, 10, 11-тармақтардағы "Комиссиялардың", "Комиссияға", "Комиссиялар" деген сөздер тиісінше»"Аттестаттау комиссияларының",» "аттестаттау комиссиясына",»"Аттестаттау комиссиялары" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 8-1-тармақпен толықтырылсын:

"8-1. Денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдардың аттестаттау комиссиясының құрамына:

1) медициналық қызмет көрсету саласындағы бақылау жөніндегі мемлекеттік органның;

2) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның;

3) денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдардың өкілдері кіреді.";

9-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдарды аттестаттауды өткізу кестесін медициналық қызметтер көрсету саласындағы бақылау жөніндегі мемлекеттік орган күнтізбелік жылға бекітеді және аттестаттау өткізгенге дейін үш айдан кешіктірмей ғылыми ұйымдардың назарына жеткізіледі.";

11-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдарды аттестаттау (немесе аттестаттаудан бас тарту) туралы шешімді медициналық қызмет көрсету саласындағы бақылау жөніндегі мемлекеттік орган қабылдайды.";

12-тармақта екінші абзацтағы»"Уәкілетті" деген сөз»"тиісті" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі